



Алкоголь өнімін өндіру мен айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеттің жанындағы Республикалық дегустациялық комиссиясы туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкоголь өнімін өндіру және оның Айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 6 қазандағы N 239 Бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 29 қыркүйектегі № 491 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2011.09.29 № 491(ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

"Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына с ә й к е с

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Қоса беріліп отырған Республикалық дегустациялық комиссиясы туралы е р е ж е б е к і т і л с і н .

2. Осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өтілуін нормативтік реттеу бөлім (А. Лепесбаев) қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау бақылау және лицензиялау бөлімінің бастығына (Р. Алдашев) жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Мемлекеттік кіріс министрлігінің
Алкоголь өнімін өндіру және онын
Айналымын мемлекеттік бақылау

" "

N_ қаулысымен бекітілген

Республикалық дегустациялық комиссия туралы ереже 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді.

2. Республикалық дегустациялық комиссия (бұдан әрі - РДК) этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндірушілерінің қоғамдық ұйымдарынан құралады және импортталатын және өндірілетін этил спирті мен алкоголь өнімдерінің (сырадан басқа) сапасын бағалауды жүзеге асырады.

3. РДК өз қызметін жүзеге асыруы кезінде нормативтік құқықтық актілерді, нормативтік-техникалық құжаттаманы және осы Ереже мен этил спирті мен алкоголь өнімдерін (сырадан басқа) дегустациялау Тәртібін басшылыққа алады.

4. РДК үш сала: спирттік, ликер-арақ және шарап жасау бойынша тұрақты негізде қызмет істейді.

5. Дегустациялық комиссияның дербес және сандық құрамын салалар бойынша, этил спирті мен алкоголь өнімін өндірушілердің қоғамдық ұйымдарының ұсынуы негізінде этил спирті мен алкоголь өнімін (сырадан басқа) өндіру және сапасын бақылау саласында қажетті біліктілігі бар мамандар арасынан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитет (бұдан әрі - комитет) төрағасы бекітеді.

6. РДК-ның мәжілісі Комитет төрағасы бекіткен жұмыс жоспары бойынша жүргізіледі. Мәжілістің өткізілетін орны мен уақытын РДК төрағасы айқындайды.

7. РДК шешімі мәжіліске әрбір салалық комиссиядан кемінде оның құрамының жартысы қатысуы шартында қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

8. РДК шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған кезінде РДК төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Мәжілістің хаттамасына мәжіліске қатысқан РДК-ның барлық мүшелері қолдарын қояды.

9. Дегустацияға шақырылған ұйымдар мен ведомстволардың өкілдері өнімнің сапасын бағалайды немесе шешуші дауыс құқығынсыз мәселені талқылауға қатысады.

10. РДК қызметін қамтамасыз ету және техникалық қызметкерлерді ұстау жөніндегі барлық шығыстарды өнімі дегустацияға ұсынылатын этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруші ұйымдар мен импортаушылар көтереді.

11. Жұмыстарды жүргізуге арналған шығыстардың сметасын РДК төрағасы бекітеді.

12. Үлгілерді ұсыну және дегустацияны өткізу, Комитет бекіткен, этил спирті мен алкоголь өнімін дегустациялау Тәртібіне сәйкес жүргізіледі.

2-тарау. РДК-ның негізгі міндеттері

13. РДК-ның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:
жоғары сапалы және бәсекеге қабілетті алкоголь өнімінің өндірілуін
д а м ы т у ғ а ж ә р д е м д е с у ;

рецептуралар мен технологиялық процестерді өзгерткенде ары қарай олардың техникалық шарттарын Комитет бекітуі үшін алкоголь өнімінің (сырадан басқа) жаңа түрлері үлгілерінің, этил спирті мен алкоголь өнімі (сырадан басқа) үлгілерінің сапасын бағалау;

төрелік дау кезінде өндірілетін және импортталатын алкоголь өнімін (сырадан басқа) сапасын бағалау;

төрелік дау кезінде өндірілетін және импортталатын алкоголь өнімінің (сырадан басқа) сапасын бағалау;

импортталатын және республиканың тауар өндірушілері шығаратын этил спирті мен алкоголь өнімінің (сырадан басқа) дәмін ажырату (мерзімді түрде немесе нақты өндіруші өнімінің сапасына рекламация түскен кезде);

өнімнің (ыдыстың, қақпақтың, этикетканың және басқа) сыртқы безендірілуінің сапасын бағалау; әрбір мәжіліс нәтижесі бойынша нысаны негізінде Комитетке қорытындылар беру; ұсынылған үлгілердің алкоголь өнімінің түріне және (немесе) оның сәйкестігіне жатқызылуын көрсету; еліміздің тауар өндірушілері шығаратын алкоголь өнімінің конкурсы мен көрмесін өткізуді ұйымдастыру. 3-тарау. РДК-ның құқығы 14. РДК құқылы:

Комитетке республикада өндірілетін этил спирті мен алкоголь өнімінің (сырадан басқа) сапасын арттыру, түр-түрін және технологиялық процестерін жетілдіру жөніндегі ұсынымдар әзірлеу және беру;

этил спирті мен алкоголь өнімінің (сырадан басқа) импортшылары мен өндіруші-ұйымдарының "қанағаттанғысыз баға алған осы бұйымдарына РДК-ның келесі отырысында бір рет қайта ұсынуға құқық беруге;

қажет болғанда, белгіленген тәртіппен, тауар өндірушінің өндіру орнынан және этил спирті мен алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау қоймасынан және алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтауды және көтерме сатуды іске асыратын отандық ұйымдар мен импортшылардың, сонымен бірге бөлшек сауда желісінен үлгілерді іріктеуді жүзеге асыруға;

қажет болғанда, РДК-ның Төрағасының тапсыруымен, өнімнің сапасын бағалауды сол жерге барып жүргізуге. Бұл жағдайда комиссия құрамына кем дегенде РДК-ның бес мүшесі кіруі керек; республикада тауар өндірушілер шығаратын алкоголь өнімінің конкурсы мен көрмесінің қорытындысы бойынша медалдар, дипломдар, грамоталармен және басқа да марапаттауларға құқылы. 15.

Әрбір нақты үлгінің сапасы жөніндегі РДК-ның қорытындысы Комитеттің шешім қабылдауына кеңес түрінде қызмет атқарады. N 1-қосымша Республикалық дегустациялық комиссиясының 1999 жылғы "___" _____ Қорытындысы _____ қаласында _____ "_____" жүргізілген РДК мәжілісінің _____ №"_____" хаттамасына сәйкес тауар өндірушілер (РДК мүшелері, импортшылар, ұйымдардан) белгіленген тәртіппен іріктеп алған өнімнің үлгілері: _____

_____ (үлгілерді дегустацияға ұстаудың мақсатын, ұйымның атауын және өнімнің үлгісін, сапасының және сыртқы безендіріліуінің бағасын, алкоголь өнімінің түріне жатқызылуын көрсету) РДК ұсынымы: _____

_____ РДК қорытындысы _____

_____ (НТД сәйкестігін, рецептурасын, алкоголь өнімінің түріне жатқызылуын және т.б. көрсету) РДК төрағасы(қолдары) _____ (аты-жөні)
РДК хатшысы _____ (қолдары) Оқығандар: Омарбекова А.Т.
И к е б а е в а А . Ж .